



ЖАҢА ӨМІР

БЕЙСЕНБІ
№9 (10693)
5 наурыз 2026 жыл

ГАЗЕТ 1941 ЖЫЛДЫҢ 27 ЖЕЛТОҚСАНЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАҢҒЫСТАУ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ



Ардақты аналар! Аяулы арулар!

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен құттықтаймын!

Бұл мереке – мейірім мен ізгіліктің, сұлулық пен парасаттың айрықша күні. Әйел – отбасының берекесі ғана емес, қоғам дамуының да маңызды тірегі. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіз бен жауапкершіліктеріңіздің арқасында ауданымыз жыл сайын жаңа белестерді бағындырып келеді.

Бүгінде ауданымызда көптеген азаматшалар мемлекеттік қызметте, білім беру мен медицинада, кәсіпкерлік пен мәдениет саласында табысты еңбек етіп, ел игілігі жолында аянбай қызмет атқаруда.

Ұрпақ тәрбиесі мен ұлттық құндылықтарды сақтау жолындағы еңбектеріңіз – ел болашағына қосылған баға жетпес үлес.

Құрметті қыз-келіншектер!

Сіздердің шаңырақтарыңызға шаттық пен береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін. Әр бір күн сіздерге қуаныш пен жаңа мүмкіндіктер сыйласын!

Құрметпен аудан әкімі **Ғ.НИЯЗОВ**.



• БҮГІНГІ САНДА

**АУЫЛ АЖАРЫ – ЖҮЙЕЛІ
ЖҰМЫСТЫҢ ЖЕМІСІ**



2-бетте →

**АНА МЕЙІРІМІ
ОТБАСЫ ШЫРАҒЫ**



4-бетте →

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
Важен голос каждого из нас!

www.election.gov.kz

ДАУЫС БЕРУГЕ АРНАЛҒАН БЮЛЛЕТЕНЬ

2026 жылдың 15 наурызында «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал бойынша республикалық референдум өтеді.

Референдумда әрбір қазақстандық жеке дауыс береді. Бюллетень жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтар тізімі негізінде беріледі. Содан кейін Сіз бюллетенді алғаныңыз туралы тізімге қол қоясыз.

Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинетте толтырылады. Бюллетенде Сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға көз келген белгі қоясыз. Бюллетенге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды. Толтырылған бюллетенді дауыс беру жөшігіне саласыз.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ.

ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ

2026 жылдың 15 наурызында республикалық референдум өтеді. 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскенізде референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінде өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса Сіз дәреуі учаскелік референдум комиссиясына өтінішпен жүгіне аласыз. Егер азамат өзінің болатын жерін өзгертсе, ол 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап, 14 наурыз күнгі сағат 18:00-ге дейін учаскелік референдум комиссиясына өтініштің негізінде есептен шығару куәлігін алуға құқылы. Есептен шығару куәлігін сенімхат негізінде алуға рұқсат етіледі.

Есептен шығару куәлігін ұсынған кезде учаскелік референдум комиссиясы дауыс беру күні азаматты оның болатын жері бойынша учаскедегі тізімге енгізеді. Бір елді мекеннің шегіндегі басқа учаскеде дауыс бергісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейді.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ.

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

ҚҰРМЕТТІ РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУШЫ!

Егер Сіз 2026 жылғы 15 наурызда дауыс беру күні өзіңіздің тіркелген жеріңізден тыс жерге баратын болсаңыз, қалай дауыс бере аласыз?

Ол үшін 2026 жылғы 14 наурызда сағат 18:00-ге дейін Сіз өзіңіздің учаскелік комиссияңызға жазбаша өтінішпен жүгініп, жеке басыңызды куәландыратын құжатты ұсынуыңыз қажет. Комиссия Сізге есептен шығару куәлігін табыс етеді.

Есептен шығару куәлігін сенімхат негізінде өкіл арқылы да алуға болады. Сенімхатты нотариаттық куәландыру талап етілмейді.

Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді.

Бір елді мекен шегіндегі басқа учаскеде дауыс бергісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейтініне назар аударыңыз.

Дауыс беру күні өзіңіз болатын жердегі учаскеде есептен шығару куәлігін көрсетіңіз. Учаскелік комиссия Сізді дауыс беруге арналған тізімге енгізеді.

Толық ақпарат алу үшін өзіңіздің елді мекеніңіздің өкімдігінің call-орталығына хабарласуға болады.

ӘРҚАЙСЫМЫЗДЫҢ ДАУЫСЫМЫЗ МАҢЫЗДЫ!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы
www.election.gov.kz

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІКТЕРІ

Азамат тұратын жері өзгерген кезде басқа референдум учаскесінде дауыс беру үшін есептен шығару куәлігін ала алады

Есептен шығару куәлігін 27 ақпаннан бастап алуға болады

Есептен шығару куәлігін беру 14 наурызда сағат 18.00-де тоқтатылады



01 Дауыс беру кезінде азамат есептен шығару куәлігін және жеке басын куәландыратын құжатын ұсынады (электрондық нұсқасын да көрсете алады)



02 Учаскелік референдум комиссиясы азаматты республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізіміне енгізеді және дауыс беруге арналған бюллетень береді



03 Есептен шығару куәлігі бір рет пайдаланылады және азамат дауыс берген учаскеде қалады

! Жоғалған есептен шығару куәліктері қалпына келтірілмейді. Есептен шығару куәлігі бір елді мекен ішіндегі басқа учаскеде дауыс беруге қатысқысы келетін азаматтарға берілмейді

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы
www.election.gov.kz





• СҮХБАТ

АУЫЛ АЖАРЫ — жүйелі жұмыстың жемісі

АУДАНДА СОҢҒЫ ЖЫЛДА-РЫ ТҮРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ САЛАСЫНА ЕРЕКШЕ НАЗАР АУДАРЫЛЫП КЕЛЕДІ. АУЫЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ЖАҢАРТУ, ЖАСЫЛ АЙМАҚТАРДЫ КӨБЕЙТУ ЖӘНЕ САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛЫҚТЫ ЖҮЙЕЛЕУ БАҒЫТЫНДА НАҚТЫ ЖҮМЫСТАР ҚОЛҒА АЛЫНДЫ.

2026–2027 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРҒА СӘЙКЕС БІРҚАТАР АУЫЛДАРДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПАРКТЕР (ЭКОПАРКТЕР) АШУ КӨЗДЕЛІП ОТЫР. СОНЫМЕН ҚАТАР ТАЗАЛЫҚ ЖҮМЫСТАРЫН ЖАҚСARTU ҮШІН АРНАЙЫ ТЕХНИКАЛАР САТЫП АЛЫНЫП, АҒАШ ЕҒУ КӨЛЕМІ ЖЫЛ САЙЫН АРТЫП КЕЛЕДІ. ОСЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ БАСТАМАЛАР ТУРАЛЫ АУДАНЫҚ ТҮРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ, ТҮРҒЫН ҮЙ ИНСПЕКЦИЯСЫ, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІП ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ ЖАНДОС РОМАНҰЛЫМЕН СҮХБАТТАСҚАН ЕДІК.



– Дұрыс айтасыз, ауыл көркі тазалықтан басталады. Ауылдық елді мекендерде санитарлық тазалық шаралары қолға алынды. Қазіргі таңда бірқатар ауылдарда мердігер мекемелер жұмысын бастап кетті. Аумақтарды тазалау, қоқыс шығару және абаттандыру бағытындағы жұмыстар кезең-кезеңімен атқарылуда. Кейбір ауылдарда санитарлық тазалыққа қатысты мемлекеттік сатып алу конкурстары жарияланып, өту сатысында тұр. Қаржыландыру мәселелері шешілгеннен кейін жоспарланған жұмыстар толық көлемде басталады.

Сонымен қатар жаңадан құрылған «Таза Маңғыстау» мекемесіне 14 арнайы техника алу жоспарланып отыр. Қазіргі таңда оның төртеуі сатып алынды. Атап айтқанда, қоқыс жинайтын көліктер, лас су соратын техника, жол жуу машиналары мен автогрейдер бар. Аталған техникалар ауыл тазалығын

– **Жандос Романұлы, ауданға қарасты ауылдарда экопарк салу жоспарланып отырғанын естідік. Бұл бастаманың мән-маңызы неде?**

– Иә, алдағы жылдарға арналған жоспар аясында Шетпе, Үштаған, Шайыр және басқа да ауылдарда жалпы 13 экопарк салу көзделіп отыр. Жобалар шамамен 2 гектар аумақты қамтиды.

Экопарк – жай ғана ағаш егілген аймақ емес. Табиғи өсімдіктерді сақтау, тұрғындарға демалыс пен спортқа қолайлы жағдай жасау және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған кеңістік. Мәселен, Шайыр ауылында 6000 шаршы метрлік парк 60 млн. теңгеге салынды деп жоспарланған. Қаржыландыру жергілікті бюджет және демеушілер есебінен жүзеге асады.

– **Көгалдандыру жұмыстары да қарқынды жүріп жатыр. Биыл қанша ағаш егіледі?**

– Өткен жылы 3500 түп ағаш отырғызылған болса, биыл 4000 түп ағаш егу жоспарланған. Бұдан бөлек, Ақшымырау ауылында ерекше экологиялық жоба жүзеге асуда. Онда



50 гектар жерге сексеуіл егу басталды. Бұл жұмыс топырақ жамылғысын қалпына келтіруге бағытталған. Жалпы, 2026–2027 жылдары 125 мың түп көшет отырғызу жоспарланған. Жұмыстарға жергілікті тұрғындар да тартылып жатыр. Сексеуіл егу жұмыстары осыған дейін Үштаған, Сазды, Жарма, Тұщықұдық Шебірде жүргізілген болатын.

– **Санитарлық тазалық мәселесі ауылдар үшін маңызды бағыт. Бұл салада қандай жұмыстар атқарылып жатыр?**

М.ЖЕБЕКЫЗЫ.

• ПРОБАЦИЯ

Бірлескен жұмыс жүйелі

АУДАНЫҚ ПРОБАЦИЯ ҚЫЗМЕТІ МЕН ОРТАЛЫҚ АУРУХАНА БІРЛЕСЕ ОТЫРЫП, ЕСЕПТЕП СОТТАЛҒАН ТҮЛҒАЛАРҒА ЖОСПАРЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕКСЕРУ ӨТКІЗДІ. ІС-ШАРА СОТТАЛҒАНДАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУ, ТЕГІН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ҚОҒАМҒА БЕЙІМДЕЛУІН ҚОЛДАУ МАҚСАТЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.



Қазіргі таңда бөлімде шамамен 30 сотталған есепте тұр. Оларға медициналық тексеру – денсаулықтарын тұрақты бақылауда ұстаудың маңызды мүмкіндігі. Іс-шара барысында қатысушылар флюорография мен рентген тексеруден өтті. Профилактикалық шара әлеуметтік маңызды ауруларды ерте кезеңде анықтауға, патологиялардың алдын алуға және санитарлық талаптарды сақтауға мүмкіндік береді.

Аудандық аурухана мамандары әр сотталғанға жеке кеңес



беріп, денсаулығына қатысты нұсқаулар ұсынды. Қажет болған жағдайда әрі қарай медициналық тексерулер мен емдеу жоспарлары да қарастырылды. Бұл тек медициналық тексеру ғана емес, әлеуметтік қолдаудың да бір бөлігі.

Бағдарлама аясында жүргізілген шаралар сотталғандардың физикалық және психологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған. Мысалы, өкпе ауруларын ерте кезеңде анықтау олардың жалпы денсаулығын сақтауға және ауыр патологиялардың алдын алуға көмектеседі. Сонымен қатар, санитарлық талаптарды сақтау қауіпті инфекциялардың таралуын тежейді.

Пробация қызметі мен аудандық аурухана мамандарының бірлескен жұмысы жүйелі түрде жүргізіледі. Олар сотталғандарды тек медициналық көмекпен ғана емес, әлеуметтік бейімдеу мен қоғамға қайта интеграциялау іс-шараларымен де қамтиды. Мұндай профилактикалық шаралар қоғамдағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен адамның өмірін қадірлеуге де септігін тигізеді.

Б.ДӘУІРБАЕВ,
аудандық пробация қызметі бөлімінің бастығы, әділет капитаны.

• КОМИССИЯ

АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ ХХVI СЕСИЯСЫ МӘСЛИХАТ ТӨРАФАСЫ Е. МАХМУТОВТЫҢ ТӨРАФАЛЫҒЫМЕН ӨТТІ. СЕССИЯ ЖҮМЫСЫНА АУДАН ДЕПУТАТТАРЫМЕН ҚАТАР АУДАН ӘКІМІ Ғ.НИЯЗОВ, АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ, АУЫЛДАР МЕН АУЫЛДЫҚ ОКРУТТЕРДІҢ ӘКІМДЕРІ, СОНДАЙ-АҚ АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ ДЕРБЕС БӨЛІМДЕРІ МЕН МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ.

ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ БАҒЫТТАЛАДЫ



Күн тәртібінде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсер ететін бірқатар маңызды мәселелер қаралды. Атап айтқанда, аудан аумағындағы су құбырларын, тазарту жұмыстарын, жылу және электр желілерін, өзге де көліктік және инженерлік инфрақұрылым нысандарын, байланыс желілерін салу және оларды тиімді пайдалануды ұйымдастыру бағытындағы аудандық атқарушы органдардың жұмысы талқыланды. Бұл бағыттағы жұмыстардың сапасы мен мерзімінде орындалуы халықтың тұрмыс сапасын арттыруда шешуші рөл атқаратыны атап өтілді.

Сонымен қатар 2026–2028 жылдарға арналған аудандық бюджетке өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі қаралып, қаржы қаражатын тиімді және мақсатты пайдалану жайы сөз болды. Депутаттар тарапынан әлеуметтік салаға, инфрақұрылымдық жобаларға және елді мекендерді абаттандыруға бағытталған шығыстарға басымдық беру қажеттігі айтылды.

Сессия барысында 2026–2030 жылдарға арналған ауданның даму жоспарына қатысты шешімдер қабылданып, алдағы кезеңдегі негізгі ба-сым бағыттар айқындалды. Жоспарда экономиканы әртараптандыру, инвестиция тарту, жаңа жұмыс орындарын ашу, әлеуметтік нысандардың қолжетімділігін арттыру секілді міндеттер қамтылған.

Бұдан бөлек, құқықбұзушылықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, көмелетке толмағандар ісі және жастар саясаты бағытындағы комиссиялар мен кеңестердің құрамына өзгерістер енгізу мәселелері қаралды. Бұл өзгерістер аталған бағыттар бойынша жұмысты жүйелеуге және тиімділігін арттыруға бағытталғаны айтылды.

Сессия барысында көтерілген барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, қабылданған шешімдер ауданның тұрақты дамуына, инфрақұрылымдық әлеуетін нығайтуға және тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға бағытталатын болады.

Е.ЖҰМАҒҰЛОВА.

АУДАН ӘКІМІ ҒАЛЫМЖАН НИЯЗОВ БАСТАҒАН ЖҮМЫС ТОВЫ ОБЛЫСТЫҚ БЕС БАСҚАРМАДА КӨШПЕЛІ ЖИЫН ӨТКІЗІП, АУДАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН АЛДАҒЫ ЖОСПАРЛАРЫН ТАЛҚЫЛАДЫ.

КӨШПЕЛІ ЖИЫН

Алғашқы кездесу Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы алаңында өтті. Басқосуда Шетпе ауылы маңындағы карьерлердің қызметі, сондай-ақ Шетпе мен Жыңғылды елді мекендерінде қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын салу мәселелері қаралды. Сонымен қатар жаңадан құрылған «Таза Маңғыстау» коммуналдық мекемесінің санитарлық тазалық бағытындағы жұмысы сөз болып, оның материалдық-техникалық базасын нығайту жайы талқыланды.

Келесі жиын Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы және Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшылығымен жүргізілді. Онда ауданның спорт және мәдениет саласын дамыту жоспары пысықталды. Әсіресе мәдениет басқармасының теңгеріміндегі Ақмыш демалыс аймағын заманауи талаптарға сай абаттандырып, туризм әлеуетін арттыру бағытында нақты жұмыстар жүргізу ұсынылды.

Сондай-ақ Жыңғылды ауылында 200 орындық мәдениет үйін кітапханасымен бірге салу қажеттігі көтерілді. Бұдан бөлек, Серікбол Қондыбай атындағы музей жобаларына қолдау көрсету, ғалымның тұрған үйін музей нысаны ретінде қайта жаңғырту мәселесі назарға алынды.

Туризм саласына қатысты мәселелер Маңғыстау облысының туризм басқармасы алаңында қаралды. Аудан аумағындағы Шерқала, Айрақты, Самал, Торыш және Түзбайыр аумақтарында туризм инфрақұрылымын дамытуға бағытталған жобалық-сметалық құжаттар әзірленіп жатқаны айтылды. Атап айтқанда, жол, су, электр және газ желілерін тарту көзделуде. Сонымен қатар ауданның кәсіпкерлік бөлімінде туризм бағыты бойынша жеке штат бірлігін қарастыру қажеттігі тілге тиек етілді.

Құрылыс саласына қатысты жобалар Маңғыстау облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы тарапына таныстырылды. Атап айтқанда, Шетпе, Жармыш, Үштаған, Оңды ауылдарында спорт кешендерін салу, Шетпе мен Жыңғылды мәдениет үйлерін тұрғызу, Қосбұлақ-2 шағын ауданында мұрағат ғимаратын, қорғаныс бөлімі, прокуратура және әкімдік нысандарын салу жобалары қаралған. Сонымен қатар С.Қондыбай музейіне қосымша құрылыс жұмысын жүргізу жоспары ұсынылды.

Аталған жобалардың 2026–2029 жылдарға арналған облыстың даму бағдарламасына енгізілгені белгілі болды. Бұл бастамалар аудан инфрақұрылымын дамытуға, әлеуметтік нысандар санын арттыруға және туризм әлеуетін күшейтуге нық қадам.

Өз тіліміз

● ДАРЫН

ТАЛАПТЫ ТҮЛЕК

ЕЛІМІЗДІҢ ЕРТЕҢІ – БІЛІМДІ ДЕ ТАЛАПТЫ, ӨНЕРЛІ ДЕ ӨЖЕТ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА ЕКЕНІ СӨЗСІЗ. ОСЫНДАЙ ТАЛАНТЫМЕН, ТАБАНДЫЛЫҒЫМЕН ДАРАЛАНЫП ЖҮРГЕН ДАРЫНДЫ ЖАСТЫҢ БІРІ – МАНСҰР БЕРІКҚАЛИ. ОЛ БІЛІМГЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІГІН НАҚТЫ ЖЕТІСТІКТЕРІМЕН ДӘЛЕЛДЕП, ЕЛІМІЗДІҢ ҮЗДІК 100 ДАРЫНДЫ БАЛАСЫНЫҢ ҚАТАРЫНА ЕНДІ. ЖАС ТАЛАПТЫҢ ЕСІМІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ZHASTAR.KZ» БАСПА ҮЙІНЕ ТИЕСІЛІ «ҚАЗАҚСТАН МАҚТАНЫШЫ» ЖУРНАЛЫНДА ЖАРИЯЛАНЫП, КӨПШІЛІККЕ ҮЛГІ РЕТІНДЕ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ.

Қазіргі таңда ауданымыздағы №7 мектеп-лицейдің 11 сынып оқушысы Мансұр мектептің белсендісі, жас көшбасшысы. Білім ордасындағы өзін-өзі басқару ұйымының президенті ретінде қатарластарының сенімінен шығып келеді. Жауапкершілігі мен ұйымдастырушылық қабілеті оны құрбы-құрдастары арасында даралайды.

Жігітке жеті өнер де аз демекші Мансұр спортпен қатар өнерді де жанына серік еткен жан. Спортқа қызығушылығы 6 жасынан басталған ол бокс үйірмесіне қатысқан. Кейін Шоқыр Бөлтекулы атындағы спорт мектебіндегі футбол үйірмесіне қабылданып, осы бағытта шеберлігін шыңдады. Бапкері Ақжол Әлиманов жас спортшының қабілетін байқап, үлкен додаға дайындады. Бүгінде Мансұр жастар құрама сапында облыстық лигада өнер көрсетіп жүр.

Осы уақытқа дейін бірнеше облыстық, республикалық және халықаралық турнирлердің жеңімпазы әрі жүлдегері атанды. Облыстық жарыстарда үш мәрте «үздік қақпашы» атағын иеленді. Төрт жылда бір өтетін ауыл ойындарының аудандық кезеңінде чемпион атанып, Талдықорғанда өткен республикалық сайыста 16 команданың ішінен IV орын алды. Облыстық үлкен футбол чемпионатында жеңіске жетіп, Таразда өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында және Шымкенттегі халықаралық турнирде бақ сынады. Ташкент қаласында өткен халықаралық турнирде II орын иеленіп, Шетпе ауылы әкімінің алғыс хатымен марапатталды.



2025 жылы ересектер арасындағы шағын футболдан Маңғыстау облысының көктемгі біріншілігінде чемпион атанып, республикалық чемпионатта бас жүлдені жеңіп алды. Осы жетістігінің нәтижесінде «Қазақстан Республикасының спорт шеберіне үміткер» атағына ие болды. Сонымен қатар аудан әкімінің «Жыл үздігі – 2025» марапаттау рәсімінде футболдан «Үздік спортшы» номинациясымен марапатталды.

Сондай-ақ поэзия оқып, сахна төрінде өнер көрсетіп, көрермен ықыласына бөленіп жүр. Астанада өткен «Көңілді тапқырлар алаңы» фестивалінде алғыс хат иеленді. Аудандық «Өрлеу» кубогінің және маусымашар ойындарының чемпионы атанды. 2022 жылы аудан әкімінің кубогін жеңіп алды. «Ақберен» республикалық байқауының аудандық кезеңінде II орын иеленді. Бос уақытында өлең жазып, шығармаларын әлеуметтік желі арқылы оқырмандарына ұсынып келеді.

Алдағы уақытта Мансұр Қарағанды қаласындағы Полиция академиясында білім алып, елге адал қызмет етуді армандайды. Оның мақсаты халықтың мұң-мұқтажына құлақ асып, әділдік пен тәртіпті ту еткен беделді азамат болу.


Білім мен спортты, өнер мен көшбасшылықты қатар алып жүрген жан-жақты жастың бүгінгі табысы ертеңгі үлкен жетістіктердің бастауы. Осындай жалынды жастар барда ел болашағына сенім мол.

Е.ЖУМАҒҰЛОВА.

● МӘДЕНИЕТ

ЖЫҢҒЫЛДЫ АУЫЛДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ ЕЛГЕ ЕҢБЕП СІҢГЕН ҚОС ТҮЛҒА – ҰСТАЗ, ШЕБЕР, СӘУЛЕТШІ ИРБАЙ МАЙЛАНОВ ПЕН ЕСБЕРДІ ОЛЖАБАЕВТЫ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ТАҒЫЛЫМДЫ КЕШ ӨТТІ. БҮЛ БАСҚОСУ – ЖАЙ ҒАНА ЕСКЕ АЛУ ЕМЕС, КЕЙІНГІ ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ БОЛАТЫН МАЗМҰНДЫ КЕЗДЕСУ БОЛДЫ.

ӨМІР – БІР СӘТ, ӨНЕР – МӘҢГІЛІК



Кешке әріптестері, замандастары, туған-туыстары қатысып, естеліктерімен бөлісті. Олардың айтуынша, қос азамат та өз ісінің білікті мамандары ғана емес, парасат-пайымы терең, елге сыйлы жандар болған.

Ирбай Ақмолдаұлы Майланов 1954 жылы Жыңғылды ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын ағаш өңдеу шеберханасында бастап, кейін туған мектебінде ұзақ жылдар бойы ән, дене шынықтыру және еңбек пәндерінен сабақ берді. Ақтөбедегі педагогикалық институтты сырттай тәмамдап, саналы ғұмырын шәкірт тәрбиесіне арнады.

Ол ұстаздықпен қатар ағаш шеберлігі мен сәулет өнерін қатар алып жүрді. Ұлттық нақыштағы бұйымдар жасап, ауыл-аймақтағы бірқатар кесене құрылысына атсалысты. Оның еңбектері адал тер мен өнерге деген сүйіспеншіліктің айғағы.

Есберді Олжабаев 1967 жылы Жыңғылды ауылында дүниеге келген. Орал қаласындағы педагогикалық институтта «Бейнелеу өнері, еңбек және сызу» мамандығы бойынша білім алған. Мектепте сурет пәнінен сабақ беріп, ағаштан бұйым жасап, портреттер салумен айналысты.

Ол да сәулет ісіне белсене араласып, еліміздің әр өңіріндегі кесене, тарихи нысандар құрылысына қатысқан. Өнері атақ үшін емес, елге қызмет ету жолындағы адал еңбектің көрінісі болды.

Кешбарысында ауыл ақыны Нұрхат Оразов арнау оқып, мәдениет үйінің өнерпаздары әннен шашу шашты.

Тағылымды шара қос түлғаның рухына тағзым ғана емес, өнегелі өмірдің мәнін ұғындырған мазмұнды кездесу болды. Өмір – бір сәт, ал адал еңбек пен өнерден туған мұра – мәңгілік.



Іңкәр ЖАНАЛИНА,
үйірме жетекшісі.
Жыңғылды ауылы.

ОПЫНДЫРАР ОЙЫНҚҰМАРЛЫҚ

ОНДЫ АУЫЛДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ «ОПЫНДЫРАР ОЙЫНҚҰМАРЛЫҚ» ДРАМАСЫ САХНАЛАНДЫ. ҚОЙЫЛЫМДА ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ – ОЙЫНҚҰМАРЛЫҚ ДЕРТІ КӨТЕРІЛДІ.

Басты рөлді сомдаған Несібек кейіпкердің ішкі күйзелісін, адасу мен өкінішін шынайы жеткізе білді. Оның сахнадағы әр қимылы мен эмоциясы көрерменге әсер етті.

Қойылымда жеңіл табысқа алданып, өмір жолынан жаңылған жас жігіттің тағдыры бейнеленді. Адасудан кейінгі өкініш пен өмірге қайта оралуға деген талпыныс арқылы жауапкершілік пен уақытында тоқтай білудің маңызы айқын көрсетілді.

Құндыз Бердібекова жетекшілік ететін драмалық ұжым әлеуметтік маңызы бар тақырыптарды көтеруімен ерекшеленді. Ұжымның ұйымшылдығы мен сахна мәдениеті қойылымның көркемдік деңгейін арттырды.

Қытмыр қысқа қарамастан, көрерменге рухани жылу сыйлаған бұл қойылым өнердің тәрбиелік қуатын тағы бір мәрте дәлелдеді.



Күнімкүл САРЖАНОВА.

● ДЕНСАУЛЫҚ

Дұрыс тамақтанудың маңызы

АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУДЫҢ БАСТЫ ШАРТЫ – ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ. СЕБЕБІ КҮНДЕЛІКТІ ҚАБЫЛДАНАТЫН АС АДАМНЫҢ ЖАЛПЫ ХАЛ-АХУАЛЫНА, ӨСУІ МЕН ДАМУЫНА, ЖҰМЫСҚА ҚАБІЛЕТТІЛІГІНЕ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ОРТАНЫҢ ТҮРЛІ ҚОЛАЙСЫЗ ӨСЕРЛЕРІНЕ ҚАРСЫ ТҮРУЫНА ТІКЕЛЕЙ БЫҚПАЛ ЕТЕДІ. ӨСІРЕСЕ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАР ҮШІН ДҰРЫС ТАМАҚТАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ АЙРЫҚША. ӨЙТКЕНІ БҮЛ КЕЗЕҢ – ОРГАНИЗМНІҢ ҚАРҚЫНДЫ ӨСІП, ЖЕТІЛЕТІН ШАҒЫ. СОНДЫҚТАН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДҰРЫС ТАМАҚТАНУЫ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУ – БҮТІНГІ КҮННІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ БІРІ.

Осы бағытта мектептердің асханалары тұрақты жұмыс жүргізіп келеді. Күнделікті ұсынылатын тағамның сапасы мен берілу мөлшері мектептің медицина қызметкерінің бақылауында болады. Ас мәзірі санитарлық-гигиеналық талаптарға сай әзірленіп, тағам түрлері күн сайын жаңартылып отырады. Ыстық тамақ уақытты беріліп, белгіленген нормаға сәйкес үлестіріледі. Бұл оқушылардың сапалы әрі құнарлы ас ішуіне жасалған нақты жағдай.

Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі. Адам ағзасы қажетті қоректік заттарды уақытты және жеткілікті мөлшерде қабылдағанда ғана қалыпты қызмет атқара алады. Тағам құрамында негізгі қоректік заттар – ақуыз, май және көмірсу болуы шарт. Сонымен қатар дәрумендер мен тағамдық талшықтар да күнделікті ас рационьында қамтылуы тиіс. Тамақтың құнарлылығы баланың жас ерекшелігіне, денсаулық жағдайына және күнделікті белсенділігіне сай болуы маңызды.

Тамақтану мәдениеті де үлкен рөл атқарады. Тамақты үстел басында отырып, асықпай, мұқият шайнап қабылдау қажет. Күніне бес рет аз мөлшерде тамақтану – ағзаға түсетін

салмақты азайтып, ас қорыту жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Тамақтанған соң бірден шай ішу ұсынылмайды, себебі шай құрамындағы кейбір заттар ағзаға қажетті темірдің сіңуіне кері әсер етуі мүмкін. Оның орнына табиғи шырындар немесе таза су ішкен жөн.

Сонымен бірге тәулік бойы тамақтану тәртібі мен мөлшерін сақтау, тағамдардың санитарлық талаптарға сай дайындалуы – дұрыс тамақтанудың негізгі шарттары болып табылады. Бұл қағидаларды ұстану арқылы ғана біз өскелең ұрпақтың денсаулығын нығайтып, олардың сапалы білім алуына, белсенді өмір сүруіне жағдай жасай аламыз.

Дұрыс тамақтану – әр адамның өз қолындағы маңызды қадам. Денсаулықты сақтау да, оны нығайту да күнделікті ас мәзірінен басталады. Сондықтан сапалы әрі теңгерімді тамақтануға әрдайым ерекше мән беру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

А.СИСЕМБЕРДИЕВА,
аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.



● МЕРЕКЕ

АНА МЕЙІРІМІ – отбасы шырағы

АУЫЛДЫҢ ТЫНЫСЫН ТІРІЛТІП, ШАҢЫРАҚТЫҢ ШЫРАҒЫН МАЗДАТЫП ОТЫРАТЫН АНАЛАРДЫҢ ОРНЫ БӨЛЕК. ОЛАР – ОТБАСЫНЫҢ БЕРЕКЕСІ, ӘУЛЕТТІҢ ҰЙЫТҚЫСЫ, ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ. ОСЫНДАЙ ПАРАСАТТЫ ЖАНДАРДЫҢ БІРІ – ОНДЫ АУЫЛЫ, АҚКҮЙІК ЖЕРІНДЕ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН АЛТЫНГҮЛ БЕРДСҮГІРОВА.



Қарапайым отбасында тәрбиеленіп өскен Алтынгүл мектеп қабырғасынан кейін арнайы оқу орнында білім алмаса да, өмірдің өзінен тәлім алды. Тіршіліктің қайнаған ортасына ерте араласып, еңбекпен есейген ол маңдай тердің қадірін жасынан білді. Өмірлік тәжірибе мен сабыр оның басты мектебі болды.

Жас келін болып үлкен әулетке түсу – кез келген қыз бала үшін үлкен сын. Әсіресе, шаңырақтың үлкен келіні атану жауапкершілігі мол міндет. Алтынгүл осы міндетті абыроймен атқарып, бір әулеттің берекесін кіргізген келінге айналды. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете жүріп, отбасының татулығын сақтай білді.

Еңбек жолын пошта саласында бастап, кейін қаржы бөлімінде кіші қызметкер ретінде ұзақ жылдар табанды еңбек етті. Қай ортада жүрсе де жауапкершілігімен, ұқыптылығымен, адалдығымен ерекшеленді. Әріптестері арасында сенімге лайық қызметкер ретінде бағаланды.

Жолдасы ұзақ жылдар бойы жеке автобус жүргізіп, отбасына керек жаракты адал еңбегімен тапты. Екеуі бірлесе жүріп 5 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірді. Балаларын еңбекқорлыққа, тәртіпке, үлкенге құрмет, кішіге қамқор болуға баулады.

Бүгінде ұл-қыздары өмірден өз орындарын тапқан азаматтар. Үлкен ұлы мұнай саласында еңбек етсе, екінші

перзенті кәсіпкерлікпен айналысады. Қалған үш ұлы спорт саласында табысқа жетіп, ел сеніміне ие болған жаттықтырушылар атанып отыр. Бірі Ақтау қаласында, бірі Таушық елді мекенінде, енді бірі Шетпе ауылында жас спортшыларды тәрбиелеп жүр. Бұл – ата-ананың берген тәрбиесінің, отбасындағы тәртіп пен ынтымақтың жемісі.

Алтынгүл тек көпбалалы ана ғана емес, өнегелі ене. Бүгінде шаңырағына 5 келін түсіріп, барлығын туған қызындай қабылдап, бағыт-бағдар беріп келеді. Келіндерімен сыйластығы жарасқан, немерелерінің күлкісі естілген берекелі отбасы – аналық мейірімнің айқын көрінісі.

Оның ашық мінезі, ақжарқын болмысы, сабырлы да парасатты қасиеті айналасына үлгі. Көрші-қолаң, ауылдастары арасында сыйлы ана атануы да – соның дәлелі.

Осындай аналар – қоғамның тірегі. Олар ұрпақ тәрбиелеп қана қоймай, ұлттық құндылықтарды сақтап, отбасылық бірліктің негізін қалайды.

Аналар мерекесі қарсаңында Алтынгүл Бердсүгіроваға алғыс білдіре отырып, зор денсаулық, отбасына амандық, ұрпақтарының қызығын көре беруді тілеймін. Шаңырағыңыздан шаттық кетпесін, аналық мейіріміңіз ортаймасын!

Е. ЖҰМАҒҰЛОВА.

ҚАЙ САЛАДА БОЛМАСЫН, ӘЙЕЛ ЗАТЫНЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ІС БЕРЕКЕЛІ, ОРТА МЕРЕКЕЛІ БОЛАДЫ. МЕЙІРІМІ МЕН ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕГІ АРҚЫЛЫ ТЕК БІР МЕКЕМЕНІҢ ҒАНА ЕМЕС, БҮКІЛ ҚОҒАМНЫҢ ӨЗЕГІН ЖЫЛЫТЫП ЖҮРГЕН ЖАНДАР АЗ ЕМЕС. СОЛАРДЫҢ БІРІ, АУДАННЫҢ КОММУНАЛДЫҚ САЛАСЫНДА ТАБАН АУДАРМАСТАН 14 ЖЫЛДАН БЕРІ ЕҢБЕК ЕТІП КЕЛЕ ЖАТҚАН БІЛІКТІ МАМАН, АЯУЛЫ АНА – НАСИХА СУЛТАНОВА.

Еңбек пен отбасының алтын үйлесімі

Насиха Үсенқызы бүгінде аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жол ауышылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Дария» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында бас есепші қызметін атқарады. Ол мекеме іргетасы қаланған күннен бастап қажырлы еңбек етіп келе жатқан майталман маман. Есеп-қисаптың қыруар жұмысын ұршықша иіріп, мекеменің қаржылық тұрақтылығы мен өндірістік көрсеткіштерінің артуына өлшеусіз үлес қосып келеді. Ұжым арасында ұқыптылығымен, әр тиынның есебіне бекемдігімен және жас мамандарға жол сілтейтін тәлімгерлік қасиетімен зор беделге ие.

Насиханың өмірі – бүгінгі қазақ әйелінің шынайы үлгісі. Тек жұмыстағы қатал тәртіптің адамы емес, үйде – мейірімді ана, шаңырақтың берекесі. Көпбалалы ана ретінде «Алтын алқа» иегері атанған ол – «Әйел бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеді» деген аталы сөздің дәлелі десек артық емес. Қызметтегі жауапкершілік пен үйдегі аналық міндетті қатар алып жүру екінің бірінің қолынан келе бермейтін ерлікпен тең іс.

«Кез келген жұмыста тәртіп пен ұқыптылық – басты қағида. Ал еңбектің шынайы нәтижесі – ұжымның бірлігі мен отбасының амандығында», – дейді кейіпкеріміз.

Бүгінде ұл-қыздарын уяға, балапандарын қияға қондырып, солардың тәрбиесімен қатар ауданның дамуына үлес қосып отырған Насиха Үсенқызының еңбек жолы – жастар



үшін нағыз мектеп. Оның бойындағы табандылық, адалдық және кәсіби биіктік кез келген қиындықты еңбекпен жеңуге болатынын көрсетеді.

Көңілге көктем сыйлаған мерекелер қарсаңында ауданның коммуналдық саласының дамуына атсалысып жүрген Насиха Үсенқызының отбасына бақ-береке тілеймін. Сіздің шынайы еңбегіңіз бен асыл аналық бейнеңіз – кейінгі ұрпаққа әрдайым үлгі бола бермек.

М.ЕРҒАЛИ.

Мейірім ұялаған МЕКЕН

КӨКТЕМНІҢ ШУАҚТЫ МЕРЕКЕСІ – 8 НАУРЫЗ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА ОСЫ ЖОЛҒЫ МАҚАЛАМДЫ ҚОҒАМ ИГІЛІГІ ҮШІН ЕҢБЕК ЕТІП ЖҮРГЕН, ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫҢ ӨМІРІНЕ ҮМІТ СЫЙЛАП ЖҮРГЕН НӘЗІК ЖАНҒА АРНАУДЫ ЖӨН КӨРДІМ.

Шетпе ауылында жуырда ғана есігін айқара ашқан «Балалар инклюзивті академиясы» бүгінде көптеген ата-ананың сенімін оятып, үмітін жандырған білім ордасына айналды. Бұл – аудандағы инклюзивті білім беру саласындағы алғашқы әрі маңызды қадам. Мұнда ерекше білім беруді қажет ететін бастауыш сынып оқушыларына тегін білім беріліп, олардың қабілеттерін дамытуға, қоғамға бейімделуіне жағдай жасалған.

Осы ізгілік ордасында еңбек етіп жүрген жас мамандардың бірі – Аружан Бекұланқызы. 2004 жылы Шетпе ауылында дүниеге келген ол 2021 жылы Нұн Жүбаев атындағы жалпы білім беретін мектепті тәмамдап, Ақтөбе қаласындағы ҚЖұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің «арнайы педагогика» мамандығын аяқтады. Бүгінде арнайы педагог-логопед, дефектолог ретінде ерекше балалармен жұмыс істеп келеді.

Аружаның күнделікті еңбегі тәзім мен табандылықты талап ететін жауапты жұмыс. Ол балалардың сөйлеу тілін түзетін қана қоймай, олардың танымдық қабілеттерін дамытып, әлеуметтік ортаға бейімделуіне бағытталған түзету-дамыту сабақтарын жүргізеді. Әр балаға жеке тәсіл қолдану – оның басты ұстанымы.

– Әр баланың жүрегіне жол тауып, оның кішкентай жетістігін үлкен жеңіс деп білемін, – дейді жас маман.

Шынында да, кейде бір дыбысты дұрыс айту үшін ұзақ уақыт пен үздіксіз еңбек қажет. Ал бала алғаш рет сенімді түрде өз ойын жеткізген сәт – ұстаз еңбегінің ең үлкен марапаты. Мұндай сәттер Аружанға шабыт беріп, мамандығына деген сүйіспеншілігін арттыра түседі.

«Балалар инклюзивті академиясы» – ата-аналар үшін



үміт пен сенімнің, ал балалар үшін жаңа мүмкіндіктердің мекені. Мұнда әр баланың қабілеті ашылып, өз-өзіне деген сенімі нығаяды. Ал сол сенімнің қалыптасуына жас мамандардың тынымсыз еңбегі негіз болып отыр.

Аружан үшін бұл қызмет – жай ғана жұмыс емес, өмірлік мұрат. Ол алдағы уақытта да туған жерінде еңбек етіп, білімін ауыл балаларының жарқын болашағына арнауды мақсат етеді.

8 наурыз – әйел-аналардың, қыз-келіншектердің еңбегі мен мейірімін бағалайтын ерекше күн. Осы мерекелі Аружан Бекұланқызын және білім саласында аянбай еңбек етіп жүрген барша нәзік жандыларды құттықтаймын. Сіздерге қажымас қайрат, еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін. Әр шәкірттің жетістігі сіздерге қуаныш сыйлай берсін!

М.ЖЕБЕКҒЫЗЫ.

Қоғамдық тыңдау

«Дис Сервис» ЖШС Маңғыстау ауданындағы Қосбулақ-1 кен орнында құрылыс тасын өндіруге 2026–2033 жылдарға әсер етуге экологиялық рұқсат алуға құрамында: шығарындылар нормативтерінің жобасы; қалдықтарды басқару бағдарламасы; өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы; қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша ашық жиналыс түрінде 14.04.2026 ж. сағат 10.00-де, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы мәдениет үйінде қоғамдық тыңдау өткізеді.

Сонымен қатар онлайн Zoom бағдарламасы арқылы қатысуға болады. **Қосылымға сілтеме:** <https://us04web.zoom.us/j/3346574462?pwd=SDRWSmwyaZkHhZbE1uK0o1YWxHUT09&omn=71108027933>.

Конференция идентификаторы: 334 657 4462, **кіру коды:** 5n7w67.

Әсер ету аумағы: Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе кенті.

Координаттары: 44°08'02" солтүстік ендік, 52°13'07" шығыс бойлық.

Бастамашының мәліметтері: «Дис Сервис» ЖШС А.Құмар, мекен-жайы: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, өндірістік аймақ, №6, БСН: 150240000859; эл. мекен-жай: dis.service@mail.ru; телефон: 8 705 699 33 44.

Жоба әзірлеушісінің мәліметтері: ЖК Есіркепова Ж.Б., адрес: Ақтау к., 27-ш/а, 2-й, 39-кенес; эл. пошта: zhazirayess@mail.ru; телефон: 8 701 555 16 83.

Жоба материалдары <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/details/392799?lang=ru> сайтында орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар s.bazarbay@mangystau.gov.kz/ эл. мекен-жайында қабылданады.

ТОО «Дис Сервис» 14.04.2026 г., в 10.00 часов, по адресу: Мангистауская область, Мангистауский район, в доме культуры села Шетпе проводит общественные слушания в форме открытого собрания по на получение экологического разрешения на воздействие для ТОО «Дис Сервис» на добычу строительного камня на месторождении Хозбулакское-1 на 2026-2033гг. в составе: проект нормативов допустимых выбросов; программа управления отходами; программа производственного экологического контроля; план мероприятий по охране окружающей среды.

Также есть возможность подключения онлайн через «Zoom». **Ссылка на онлайн-подключение:** <https://us04web.zoom.us/j/3346574462?pwd=SDRWSmwyaZkHhZbE1uK0o1YWxHUT09&omn=78872908756> **Идентификатор конференции:** 334 657 4462, **код доступа:** 5n7w67.

Территория воздействия: Мангистауская область, Мангистауский район, село Шетпе.

Координаты: 44°08'02" северная широта, 52°13'07" восточная долгота.

Контакты инициатора: ТОО «Дис Сервис» Құмар А., Местонахождение: Мангистауская область, г. Ақтау, Промзона №6, здание 16, БСН: 150240000859; эл.адрес: dis.service@mail.ru; контактный телефон: 87056993344.

Контакты разработчика: ИП Есіркепова Ж.Б., адрес: г. Ақтау, 27-мкр, 2-дом, 39-офис; эл. почта: zhazirayess@mail.ru; телефон: 8 701 555 16 83.

Материалы проекта размещены на сайте <https://ndbecology.gov.kz/> и <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/details/392799?lang=ru> Замечания и предложения принимаются на электронный адрес s.bazarbay@mangystau.gov.kz/.

№90

<p>МЕНШІК ИЕСІ:</p> <p>MAŃGYSTAÝ MEDIA</p> <p>Директор – Ануарбек БИМАҒАМБЕТ</p> <p>Қабылдау бөлімі, тел./факс: 20-48-34, mangystau.media@mail.ru</p>	<p>ЖАҢА ӨМІР</p> <p>аудандық қоғамдық-саяси газет</p> <p>Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013 ж. есепке қойылып, №13356-Г куәлігі берілген.</p> <p>Редактордың м.а. – М.ЖЕБЕКҒЫЗЫ</p> <p>Тілші – Е.ЖҰМАҒҰЛОВА.</p>	<p>Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС Ақпарат және дизайн орталығында беттелді.</p> <p>Жетекші – Гүлнара ТАСБОЛАТОВА</p> <p>Беттеуші дизайнерлер – Шынар ТЕҢІЗБАЙ, Жұмағұл АБЛАНОВА.</p> <p>«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. 060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А. Тел.: 8 7122 458-660, 586-392.</p> 	<ul style="list-style-type: none"> Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді. Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды. Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады. <p>Тапсырыс нөмірі: 0250 Таралымы: 568 Индекс: 65612 Газеттің бағасы келісімді</p>	<p>АВА РАЙЫ БОЛЖАМЫ</p> <p>5 наурыз түнде: -1 күндіз: +7</p> <p>6 наурыз түнде 0 күндіз: +9</p> <p>7 наурыз түнде: 0 күндіз: +5</p> <p>8 наурыз түнде: -1 күндіз: +4</p> <p>9 наурыз түнде: -3 күндіз: +4</p>
---	--	--	---	---